

.АУЭЗОВА

# Кәсіби ұтқыр маман даярлау



**Біздің жоғары оқу орнында «Кәсіптік оқыту» кафедрасы 1996 жылдан бастап «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша педагогикалық кадрлар дайындап келеді. Бүгінгі таңда кафедра Көркем еңбек және сызу, Кәсіптік оқыту (бакалавриат, магистратура, докторантура Phd) мамандықтары бойынша жоғары білікті педагог кадрларын дайындауда.**

«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасын оның ауқымды және жылдар бойы қордаланып жинақталған материалдық-техникалық базасы мен ғылыми әлеуеті жоғары. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Саипов соңғы 12 жыл ішінде ғылыми жоба жұмыстарымен айналысуда әрі республикалық физикалық антропология зертханасының меңгерушісі. Авторлық топпен бірлесе төмендегідей еңбектерді жариялап, өндіріске енгізді: жиырмаға жуық ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарттары, жалпы орта білім беретін мектептің типтік бағдарламалары (3), ҚР жалпы орта білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған Көркемдік еңбек оқулығының ғылыми кеңесшісі (2017 ж.), 14 патент, алдына ала патент, инновациялық патент, 25 авторлық куәліктер иегері (оның ішінде 8-і халықаралық куәліктер).

Кәсіптік оқыту кафедрасында 1998 жылдан бері республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі жұмыс атқарады. Сонымен қатар кафедрада кәсіптік оқыту мамандығы бойынша Phd докторанттары даярлануда. Бүгінде кафедра даярлаған шәкірттеріміз ғылым саласында өз орындарын тауып ЖОО-да декан, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Атап айтсақ, Б.Ортаев, А.Байбатшаева, А.Ұзахова, Ұ.Қонақбаева, П.Абашева, Ж.Нұржанбаева және педагогика ғылымдары кандидаттары Л.Ахмет, Г.Бакирова, С.Алимбаева. Соңғы 25 жылда аталған кафедра заман талабына сай жан-жақты дамығандығын ерекше атауға болады.

Бізде студенттердің жасаған шығармашылық жұмыстары қойылған көрме мұражайы жұмыс істейді. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында халықтың сәндік-қолданбалы өнерін қайта жаңғыртып, жастарға үйрету мақсатында, студенттерді қолөнерге, «ұлттық дресс кодқа» сай киім үлгілерін дайындауға үйретіп, шығармашылық жұмыстарға баулуда. Өзіміздің шәкіртіміз, қазіргі таңда кафедра-

ның аға оқытушысы педагогика ғылымдарының кандидаты Г.Бакирова студенттерді тіпін ісіне баулуда теория мен практиканы, білім мен шығармашылық шеберлігін ұштастырып, талғамға сай ұлттық костюм үлгілерін тігуде өз тәжірибесін бөлісіп келеді. Кафедраның аға оқытушысы Азиза Изтилеуова болашақ педагогтерді «Шебер қолдар» үйірме сабақтарында студенттерді қолөнер бойынша білімі мен шеберлігін қалыптастыру жұмыстарын жүргізіп келеді. Үйірме жұмысы төрт бағытты қамтиды. Олар: кілем және гобелен тоқу, сыммен және ілмекпен тоқу, құрақ құрау, жүнмен жұмыстар сырмақ, қоржын тұрмыстық бұйымдар жасау жұмыстарын жүргізді.

Еліміздегі жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингінде (IQAA) үнемі үздіктер қатарынан көрінудеміз. Академиялық ұтқырлық аясында «Кәсіптік оқыту» кафедрасы бойынша 2020-2021 оқу жылында шетелдік білім беру тәжірибесімен алмасу мақсатында Түркия мемлекеті, Анталия қаласындағы «Ак Дениз» университетінің Phd докторы Омер Займоғлы кәсіптік оқыту МЕР 20-5нк тобы магистранттарына «Графика және жобалау» пәнінен (30 сағат) дәріс және практикалық сабақтарын онлайн режимде, тікелей байланыста сабақ өтті.

2018 жылғы қазан айында бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің классификаторында бірқатар мамандықтар ықшамдалып-топтастырылып, біріктірілді. Дегенмен, кәсіптік оқыту (сала бойынша) мамандығының ерекшелігі мен саласы ескерілмеген. 2006 жылғы стандартқа (ҚР МЖМББС 3.08 270-2006) сәйкес, кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бакалаврлар даярлау келесі мамандану салалары бойынша жүзеге асырылды. Осы стандартқа сәйкес отандық жоғары оқу орындарында жергілікті өңірдің ерекшеліктеріне сай колледжде арнайы пән оқытушылары даярлануда.

Биыл «Minog» қосымша білім беру бағдарламасы бойынша «Инженер-педагог» және «Дизайнер-педагог» білім беру қолға алынды. Яғни құрылыс, мұнай, жеңіл өнеркәсіп және басқа да салалар бойынша бітіруші студент өз мамандықтарына қосымша колледждің оқытушысы қызметін атқаруға қол жеткізе алады.

**Сәуле ЖОЛДАСБЕКОВА,**  
**«Кәсіптік оқыту»**  
**кафедрасының меңгерушісі,**  
**профессор**

